

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫ

*Амангалиева А.Е.¹, Джумабекова А.А.², Сөйлемез О.М.³

^{*1}магистр, аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ

Орал, Қазақстан, e-mail: a.akkerbez81@mail.ru

²магистр, аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ

Орал, Қазақстан, e-mail: vip.ainagul1986@mail.ru

³филология ғылымдарының докторы, профессор, Кастамону университеті

Кастамону, Түркия, e-mail: soylemezo@yahoo.com

Аңдатпа. Мақалада мәтін тілінің прагматикалық функцияларын анықтайтын және прагматикалық әлеуетін күшейтетін көркем әдебиеттерден мәтін үзінділері беріліп, талданды. Көркем мәтін тудырушы автордың жеке стилі, сөз шеберлігі, суреткерлігі, түйсіне білу сынды қасиеттері бүтін бір мәтіннің прагматикалық қызметін, мәнін, сапасын арттырады. Белгілі бір дәрежеде тәрбиелейтін, ішкі мәдениеті мен рухани әлемін, ұлттық рухын оятатын, қоғамның санасына үлкен әсерін тигізетін көркем мәтіндер еш уақытта зерттеу нысанынан алынбайтыны анық.

Мақаланың мақсаты – әдеби шығармадағы көркем мәтін тілінің функционалды прагматикалық аспектілерін анықтау. Функционалды прагматика лингвистиканың ішкі және сыртқы салаларын қатар қамтиды. Сонымен қатар функционалды прагматика категориялары қоғам мен тұлға және сөйлеу әрекеті болып танылады. Яғни, тұлға қоғам ішінде қалыптасып, тіршілікке бейімделу мақсатында тілді пайдаланады, амал-әрекет жасайды деп есептейді. Қоршаған ортаны тануда кез-келген тұлғаның өзіне тән шындық өлшемдері бар екені мәлім. Ол философиядағы шындық категорияларынан бастау алғанымен, функционалды прагматикада экстралингвистикалық, менталды, тілдік шындық деп айтылады. Демек, функционалды прагматикада сөйлеуші мен тыңдаушының сөйлеу әрекеті барысындағы тілдік формаларды дұрыс пайдалануымен қатар ниеті, пиғылы, ойы, стилі, тактикасы да маңызды. Тілді зерттеу аясын кеңейту мақсатында көркем мәтін тіліндегі функционалды прагматика саласының маңызы зор.

Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық маңыздылығы. Көркем мәтін қазақ этносының, көркемсөз шеберлерінің бітім-болмысын, психологиялық, генетикалық ерекшеліктерін, сөз саптау, сөз жасау қабілет-қарымын айқындайды. Осыған сәйкес сөз қасиетінің дәрежесін, сапасын, ұлттық кодтың тілдегі көрінісін жан-жақты ашып беретін көркем мәтіндерді талдаудың маңызы зор. Оқырман прагматикасы оның қабылдау деңгейі, тілдегі пропозициялық актілері, декодтау стилистикасы сынды т.б. мәселелерді қамтиды. Осындай күрделі әрі өзекті тақырыптар мәтіннің прагматикалық қызметін арқалайды және ауқымды зерттеулерді қажет етеді.

Зерттеу әдіснамасында алға қойылған міндеттерді шешу мақсатында жұмыста қарастырылатын тілдік бірліктерді көркем шығармалардағы мәтіндерден жинау, мәтіндік талдау, сипаттау әдісі, т.б. әдіс-тәсілдер кешенді түрде қолданылады.

Зерттеу нәтижелерінде жинақталған материалдар мен тұжырымдарды жоғары оқу орындарында «Прагмастилистика», «Мәтін және дискурс», «Көркем мәтіннің прагматикасы», «Мәтіннің прагмалингвистикасы» сияқты арнаулы элективті курстар жүргізуде, дипломдық және курстық жұмыстарды жазу барысында қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының құндылығы жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде «Көркем шығарма тіліндегі мәтін лингвистикасы» сияқты арнайы курстар мен семинарларда,

сонымен қатар сабақ барысында түрлі сөздіктер құрастыру мақсатында пайдалануға болады.

Тірек сөздер: прагматика, прагмалингвистика, прагмастилистика, дискурсті сөйлеу, эксплицитті ақпарат, көркем мәтін, монолог, диалог

Негізгі ережелер

Көркем мәтін оқырман үшін сөздік қорын байыту, сауатты сөз саптау жүгін ғана арқаламайды, адамшылық ұстанымдарының барлық адами құндылықтардың қалыптасып сінуіне, эстетикалық тұрғыдағы талғамын арттыруға өзек болады. Сөз қасиетінің дәрежесін, ұлттық кодтың тілдегі көрінісін, сапасын жан-жақты ашып беретін көркем мәтіндерді талдаудың маңызы зор. Көркем мәтіннің функционалды прагматикалық қырлары мәтіннің эстетикалық қызметін ерекше таныта отырып, мәтін автор мен оқырман арасындағы байланыс орнайтын ақпаратты қабылдау, қорыту, түсіну сынды күрделі ой үдеріс жүретін ақпарат алмасу кеңістігі екенін аңғартады. Жазушы (автор) санасындағы ойдың тілдегі көрінісі көркем шығармадағы кейіпкерлер сөзінен, монолог, диалогтардан, концептуалды өрістерінен, түрлі айшықтау құралдарынан (теңеу, метафора, құбылту т.с.с), стилистикалық амал-тәсілдері арқылы көрініс табады. Жазушының тілдік санасы көркем шығарманы тудырудағы прагматикалық мақсат-мүддесіне сай сұрыпталуымен айқындалады.

Кіріспе

Әрбір халықтың мәдениеті мен рухани байлығының құрамдас бір бөлігі болып табылатын көркем мәтіннің ғылыми парадигмалар аясында қарастырылуы – қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі. Ғылымның ілгері дамуы жаңаша көзқарастар мен тың идеяларға байланысты. Тіл табиғатын зерттеудегі жаңа бағыттағы идеялар тілді функционалды бағытта қарастырудан жалғасын тапты. Дегенмен құрылымдық тіл бағытындағы зерттеулердің құндылығын ешкім жоққа шығармайды. Тілді зерттеудегі екі бағыт бірін-бірі толықтыра келе көптеген құнды жұмыстарды жарыққа шығарғаны мәлім. Прагматикалық аспектіде тілді жасаушы адамның танымы, білімі, ойлауын, сөйлеуін бағдарлауды да ескере отырып, тілдің ішкі және сыртқы табиғатын айқындау сынды өзекті мәселелерді түйіндейді.

Прагматика – сәнді тенденция емес, одан да терең қажеттіліктің көрінісі. Адам арасындағы қарым-қатынасты, олардың сөздері мен әлемдерін түсіну үшін прагматиканың берері көп [1, 394 б.]. Көркем мәтінді түсіну терең деңгейдегі талдау барысында айқындалады. Терең деңгейінде шығарманың жасырын бөлшектері талданады. Оқырман шығармамен танысқанда санасында қалыптасқан ой мен пікір мәтіннің ойымен ұштасып, автор образы айқындалады, шығарманың ойы, қозғалған мәселелері талқыланады. Автор эксплицитті ақпаратты белгілі бір образ, портрет, пейзаж я кейіпкердің ішкі әлемі, мәңгілік әлем секілді бөлшектермен жеткізеді. Осындай бөлшектер арқылы автор образы өзінше айқындала түседі. Көркем мәтінді түсіну,

талдауда авторды басты санатқа алу көптеген зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Осыған орай Б. Шалабай: «мәтін прагматикасы оның мағыналық-ақпараттық мазмұнымен, авторлық интенциясымен, мәтін құрудың мотивімен, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, қабылдаушыға әсер ету, оның реакциясын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалды мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты қашан қабылдаушы мәтінді түсініп, мәтін оған әсер етіп, оның жан-дүниесінде белгілі бір өзгерістер пайда болып, оның реакциясын туғызғанда ғана тілдік қарым-қатынас өз мүддесіне жетті деуге болады. Кез-келген мәтіннің негізгі міндеті – прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан-дүниесіне әсер етіп, «ояту», «реакция туғызу» [2, 131б.]. Түсіну – ақпаратты жеткізуші мен қабылдаушы арасында болатын екі жақты әрекет. Оны әдетте қандайда бір ұғымның, ойдың, іс-әрекеттің мазмұны мен мағынасын ойластыру, мәніне терең үңілу қабілеті деп тұжырымдайды. Түсіне отырып біз жалпыны жекеге, әлі де белгісізді белгіліге, біреудің түсінігін өз ойымызбен түйістіру керекпіз, сол арқылы түсінілетін мағынадағы объектілер арасындағы байланыс пен қарым-қатынасты, олардың шындыққа сәйкес/сәйкессіздігін ашу қажет болады. Түсіну ол – диалог, бұл диалогтылық ақпаратты айтушы/жазушының тыңдаушы/оқушыға жеткізілуі, қабылдаушы тарапынан ақпарат мағынасын түсіну. Әрбір оқырман немесе тыңдаушы мәтінді өзіндік деңгейі мен танымдық дәрежесіне сай әр қилы түсінгенімен, оның ортақ тұстары, ортақ мазмұндық сипаты болатыны анық. Осы ретте мәтін мәнінің екі түрлі сипатын бөліп көрсетуге болады: өзекмән, өздікмән. Өзекмән – мәтіннің өн бойындағы басты мазмұн, яғни оқырманға жалпы түсінікті болатын негізгі ой. Ал жеке оқырман үшін аңғарылатын, өзіндік таным-түсінігіне сай ерекше маңызды мазмұнды анықтау – мәтіннің өздік мәнін табу болады [3, 16 б.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Алға қойылған міндеттерді шешу мақсатында жұмыста қарастырылатын тілдік бірліктерді көркем мәтіндерден жаппай іріктеу әдісі, мәтіндік, мән-мәтіндік талдау, сипаттау әдісі, жұмыстың мазмұнын ашу барысында теориялық тұжырымдарды жинау, салыстыру әдістері. Көркем мәтіндердің прагматикалық қызметін айқындайтын және прагматикалық әлеуетін күшейтетін әр түрлі тілдік бірліктер мен құралдар пайдаланылатын көркем әдебиеттерден мәтін үзінділерін таңдап, талдау. Көркем мәтіннің функционалды прагматикасын айқындайтын стилистикалық ұғымдар мен категорияларды анықтау арқылы олардың прагматикалық қызметтерінің межесін анықтау.

Зерттеу жұмысында тілдің прагматикалық аспектілері туралы тұжырымдар жинақталды. Ғалымдар прагматика тіл біліміне бастапқыда философия ғылымынан еніп, прагмалингвистика, прагмастилистика салаларын дүниеге әкелді деп тұжырымдайды. Сондай жаңа ұғымдардың бірі функционалды прагматика термині. Аталған терминдік ұғым неміс лингвистерінің идеяларымен байланысты. К. Бюлердің тіл туралы

концепциялары функционалды прагматика теориясының қалыптасуына негіз болған. Ғалым идеясын 1970 жылдары шәкірттері профессор Й. Ребайн мен К. Элих дамытқан. Функционалды прагматика теориясы тілдің коммуникативтік қызметін зерттеуге аса көңіл бөлгендіктен тілдің сөйлеу жағдайындағы күйін зерттейді деген ой қалыптасады. Алайда Р. Хоффман еңбектері неміс тілінің жазба тілін зерттеуде функционалды прагматика теорияларын пайдаланғаны аталған бағыттың тілді тұтастай қамтып зерделейтіндігіне көз жеткізуге болады.

Орыс тіл білімінде Л.В. Щерба, В.В. Виноградов, Н.М. Шанский, Д.Н. Шмелевтар сынды зерттеуші-ғалымдар көркем мәтінді талдауда филологиялық зерттеулердің негізін салды. Қазақ тіл білімінде көркем мәтіннің прагматикасы туралы ойлар мен тұжырымдар кеш қалыптасқанымен, мәтін табиғаты, сөз қасиеті мен құдыреті туралы құнды еңбектер ерте кезеңдерден өз ғылыми мәнін жоғалтқан емес. Қазақ тілі мен әдебиеті теориясында басшылыққа алынатын ең алғашқы еңбектер А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов есімдерімен байланысты. А. Байтұрсынұлы: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Ол үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыс сөйлемді тізе білу тиіс» [4, 178 б.] – дейді. Қазақ тіл білімінде профессор Б. Шалабай прагматика терминін еңбектерінде пайдалана отырып: «Мәтіннің прагматикасы оның мағыналық ақпараттық мазмұны, авторлық интенция, мәтін құрудың мотиві, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, алдымен қабылдаушыға әсер етуі, оның жауап-қайтарымын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты» [5,125 б.] деген пікір келтіреді. Қазақстандық газеттер мен телебағдарламалардың тақырып аттарына функционалды прагматикалық анализ жасаған ғалым Г.К. Ихсанғалиева: «Заголовок является самой сильной позицией текста, что подчеркивается его выделенностью из корпуса.» [6, 86-87 бб.] – деген пікірі кез келген мәтіннің тақырыбы, атауы мәтіннің тұтастығын танытатын ең негізгі элемент екенін аңғартады. Көркем мәтіндердің де тақырыптары – оқырман үшін ақпаратты қабылдаудағы ең бірінші әрі маңызды иллюкутивті әсер сыйлайтын мәтіннің бір бөлшегі. Көркем шығарма тақырыбы оқырман мен жазушы арасында байланыс пен ақпарат алмасудың бірінші сатысы.

Нәтижелер

Ұлттың ғасырлап жинаған мәдени, әдеби тілдік қорын сақтайтын дереккөз – мәтін. Мәтін – көпәспектiлi, әр түрлi бағытта зерттелетiн күрделi лингвистикалық құбылыс, ең жоғары коммуникативтiк бiрлiк. Мәтiн типологиясы көлемi, стилi, тасымалдау тәсiлi мен берiлу және сөйлеу тәсiлiне қарай төмендегiдей жiктеледi. Сөз – адам жаратылысын өзге тiршiлiк иелерiнен ерекшелейтiн айырма белгiсi. Сөзде жан да, күш те, қуат та бар. Оған жан бiтiрушi салалардың бiрi әдебиет, тiл салалары. Қарапайым тiршiлiктi сан түрлi бояумен бояп, болған оқиғаларды көркем тiлмен сипаттай отырып

автордың оқырманға жеткізетін формасы – көркем мәтін. Қазақ тіл білімінде көркем мәтіннің прагматикасы туралы ойлар мен тұжырымдар кеш қалыптасқанымен, мәтін табиғаты, сөз қасиеті мен құдыреті туралы құнды еңбектер ерте кезеңдерден өз ғылыми мәнін жоғалтқан емес. Көркем мәтін белгілі бір жиегі жоқ сөздің жоғары эстетикалық категориясы болғандықтан, әр зерттеуші сан түрлі көзқараспен талдап шығуы заңды. Көркем мәтінді жазушылар да дәл солай. Автор оқырманына ақпарды жеткізу барысында тіліміздің әдеби қорынан өзіне қажеттілерін ойша сұрыптап алады. Көркем мәтіннің қарапайым мәтіндерден ерекшелігі семантикалық жағы ғана емес, эстетикалық мәні жоғары, көркем ақпараттарды сыйдыра білуінде болып отыр. Көркем ақпараттарды тасымалдаушы я жеткізуші құралдар көркем мәтіннің кез-келген тұсынан аңғарылып тұрады. Мысалы, ұлы Абай: Ғашықтық келсе, жеңер бойынды алып. Жүдетер безгек ауру сықылданып. Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе, Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып, - деп ақын ғашықтықты дертке балайды. Мұндағы, «безгек» адамды қалтыратып, аласұрғызатын инфекциялық қан ауруы. Ақын ғашықтық адам санасына бағынбай кетсе дертке айналатынын білген. Ақын адресат (оқырман) сезіміне әсер ету үшін безгек сөзін қолданып тұр. Қазақ тіліндегі «безілдеу, безу» жылдамдық мағынасын сипаттайтын сөз формасы болса, «безгек, сергек, желпілдек, серпілдек» сөздеріндегі -гек/-дек қосымшалары өзі жалғанған түбір сөзге өзгеше реңк келтіріп, атау сөз жасап отыр. Абайдың «жүдетер безгек ауру сықылданып» деген теңеуі кездейсоқ өлең рифміне сай құрылмаған, қаламгердің өзіне тән тілдік, танымдық қолданысы. Ақын «жүдетер, жеңер» сөздерін келер шақ формасында жұмсап, «дәмеленсе, үміт үзсе» деген шартты мәнді етістіктерді қолдану арқылы оқырманына ескерту жасайды. Ертеңі жоқ уақытша сезімді қайтесіндерге келтіріп отыр. Әр кез оқырманына таңдау жасауға мүмкіндік беріп, махаббатты ауру ету де, ем ету де адамның өз қолында деп түсіндіреді.

Сөз мағынасының құбылуы, түрлене өзгеруі көркем мәтінге ғана тән. Көркем мәтінде сөз өзінің барлық бояуымен, сыр-сипатымен, күдірет қасиетімен көрінеді. Метафора, метонимия, синекдоха, теңеу, эпитет сияқты тағы да басқа көркемдегіш тәсілдер – айтайын деген ойды анық беру, баяндап, отырған әлеуметтік шындықтың шынайы көрінісін ашық көрсетуде қолданылатын сөйлеушінің негізгі қаруы. Көркем мәтін тілінде осы сөздер әдеттегі қызметінен басқа күйге көшеді. «Бұрқыраған қарлы боран қаптап келеді. Желдің тығыны қайтадан ағылып кеткендей қалындап жауған жапалақ қарды түтіп ала жөнелді. Лезде ақ боран Қоспанды қойымен бірге қоршап алды» (Т. Ахтанов «Боран»). Жазушы боран мен желді табиғат құбылысы емес, оған жан бітіріп, орасан күш иесіндей сипаттайды. Оқырман көз алдына «борандай» алып күшпен арпалысқан қойшыны елестетеді. Оқырманның көз алдында белгілі бір елес формалары қалыптасуы үшін автор сөйлемдерінде қолданған күрделі етістіктерінің прагматикалық потенциалы жоғары. Осындай қолданыстардың әсері оқырманға я тыңдаушыға айрықша болады. Шығарманың я баяндаушының тіліне шырай беріп тұрғаны анық. Көркем мәтін тілдің эстетикалық, прагматикалық қызметтерін арқалай отырып, өзіне

тән қосалқы қызметтерін айқындайды. Прагматикалық талдау дискурс теориясының негізінде жатыр. Мәтінде абстрактілі, формальді құрылым деп түсінсек, дискурс – оның біршама өзектіленуі. Бірақ нақты, өзекті сөздік формаларға «формальді құрылымдарға» келер болсақ, онда да мәтін термині кеңінен қолданылады. Дымарскийдің анықтамасы бойынша дискурс ағымдағы сөйлеу әрекеті, бұл экстралингвистикалық факторлармен (психологиялық, мәдени әлеуметтік т.б.) бірлескен, байланысқан мәтін. Мәтін оқиғалар аспектісінде, әлеуметтік бағыты бар «әрекет» ретінде алынған, яғни, қарым-қатынас жағдайына түскен мәтін. Дискурсті – сөйлеу әрекетінің үдерісі деуге болады, ал мәтін – оның бекітілген нәтижесі [7, 5 б.]. Қаламгер өз мәтінін әр түрлі контексте түзетіндіктен, танымдық кеңістігінен өзіне қажетті түрлі прецедентті құбылыстарды іріктеп, екшеп алып, сол құбылыстарды эмоционалды-экспрессивті, эстетикалық әсер қуатын пайдаланады. Көптеген көркем мәтіннің құндылығы көбінесе оның бейнелі және эмоционалды компоненттерінің сипатымен анықталатыны мәлім [8, 167 б.].

Қазақ тілінің лексикалық құрамында орыс сөздерінің актив қолданыста болғаны белгілі. Әкімшілік, сот, заң, сауда-саттық, күнделікті өмір тіршілігіне, яғни тұрмыстық лексикаға да өз әсерін тигізеді. Халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі осындай өзгерістерді Д.Исабеков шынайы көрсеткен. Көркем шығармадағы автор қолданысында кірме элементтер, оның ішінде орыс тілден енген сөздер екі түрлі әдіспен берілген. Біріншісі сыртқы түпнұсқа қалпын сақтап қалған кірме сөздер. Мысалы: Тоқсанбай қарттың жалғыз ұлы **совхоз директоры** еді; Тоқаңның ұлының машинасы шынжыр табан **тракторға** соғылып қабысып қалған ғой; Әкіметтің арнайы жасақтаған **бригадасына** жетпей жатқан **комбайн** мен **машинаны** екі күн жүріп алып келді де, бас-аяғы бір-ақ күнде ойпан-тойпан жегізіп, ертесіне бұлар қырман көтеріп шыға келді; **Комбайнерге** жүз сом, екі **шоферға** екі жүз сом бердім. («Дермене»). Үй-үйдің подвалында қызыл арақ ішіп жүрген ешкімге белгісіз Әштен осылайша аяқ астынан аудандағы ең аты-шулы адамдардың біріне айналып шыға келді («Ескерткіш»). Мұндағы совхоз директоры, трактор, бригада, комбайн, комбайнер, машина, шофер сөздері түпнұсқа қалпын сақтаған. Көркем шығармада автордың кірме сөздерді ұтымды қолдануындағы келесі тәсілі – оларды қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бағынған, игерілген тұлғада беру. Мысалы: «Екі қария қуаныштан жүректері жарыла жаздап есікке жарыса ұмтылады. Қартайғанда ата-ана перзентінің алдында бала болады екен-ау! «Ой айналып кетейін сенен! **Матасекіліңнен** де айналдым-ау. Дүр етіп жетіп келді әні, о шүкірім» – дейді екеуі. – Сіз маған сенбей отырсыз ғой! Жүріңіз, іздеп жүрген **милицияларға** да жолықтырайын. – Аулақ! **Млисан** өзіңе! Сенейін, сенбейін, болар іс болды; Сөткесіне кісі басы жетпіс-ақ тиын. («Дермене») Кемпірбай күнде ертеңмен Отардың үйіне барып: «Біздің баланың **паселкесі** келді ме?» дейді; – Сен жүр, **Киште** ойнап-күліп. Қыдыр, ән сал, биле. Мен жүрейін бұл жақта күйіп-пісіп. («Ақырамаштан наурызға дейін»). Бүкіл **әмірікә** мен неміс елін алып қараңдаршы, Конрад деген фамилиядан аяқ алып жүре алмайсың («Бонапарттың үйленуі»). Шығарма авторы бұл сөздерді

тәулік, сәлемдеме деп жазбай, сол қалпында өзгертпей, сутка, посылка деп берген. Көркем мәтінді оқырманға жеткізу барысындағы автордың мақсаты оқиғаны құр сөзбен баяндау емес, оны шынайы, нанымды түрде жеткізу, сондай-ақ шығарманың көркемдік қуатын арттыра отырып оқырман қауымға әсер ету. Ал «Дермене» повесінен алынған диалогта милиция сөзін екі кейіпкер екі түрлі тұлғада, бірі милиция десе, екіншісінің млиса деп айтуының да өзіндік мәні бар. Көркем мәтін сөздерін бұлай алмастырып қолданудағы негізгі мақсат – шығарма кейіпкерлерінің жас ерекшелігін, кәсібін, атқаратын қызметін, білімін, тұрғылықты мекенін (ауылдық не қалалық екенін) мәдениет дәрежесін айқын аңарту болып табылады. Шығармадағы эмоционалдық-экспрессивтілік реңкінің ерекшеліктеріндегі авторлық баяндау болсын, кейіпкер тілі болсын, бәріне де прагматикалық функциялар арқылы өзіндік стильдік әр бергенін айқындайды. Автор көркем шығарма тілін жандандырып, астарлап, бейнелеп шебер суреттеген.

Көркем шығармада бір сөздің бірнеше варианты жарыстыра қолдану автордың сауаттылығы мен кейіпкерді жіті бақылауда ұстай білетіндігінің көрінісі. Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романының прологы мен эпилогынан автор өзінің басынан кешірген оқиғаны Ербол образы арқылы жеткізгендігі байқалады. Мысалы, жазушы: «Бүгінгі күннің тақырыбы – жеке адамға арналған махаббатты көпке деген сүйіспеншілікпен ұластыра білу, екінші сөзбен айтқанда: жеке адамды жақсы көре тұрып, көпті сүйе білудің жолын табу. Өте дұрыс айтылған. Бірақ осыны қалай көрсетуге болады? – Оны білмеймін,- деді журналист. – Мен сіздерге тек қана өз махаббатымның тарихын айтып берейін. – Айтыңыз, тілеуіңізді берсін. – Ал, тыңдаңыздар, онда...» (Ә. Нұршайықов «Махаббат, қызық мол жылдар») Автор образы үстіртін деңгейде лирикалық шегініс тұрғыда, автордың стилін танытатын сұрыпталған лексикалық бірліктер, композиция, кілтті сөздер мен ремаркалар көрінісінен айқындалады. Шығарма мәтіндегі авторды анықтау үстіртін деңгейде баяндау тәсілдері арқылы жүзеге асады. Автор кейіпкердің дауысын өзіне сіндіріп алып, авторлық өзіндік емес баяндау жағдайында береді. Ол көркем мәтінде белгілі бір үзінділерде, сөйлемдерде көрініс табады. Ал шығармадағы кейіпкер дауысы автор дауысынан қарқынды түрде болса баяндаушының өзіндік емес төл сөзіне айналады. Мысалы: М. Әуезовтың «Абай жолы» романында автор образы көбіне Абай көзімен берілетіндігі туралы профессор Б. Шалабай: «Абай жолында» автор кейбір қаламгерлердей өзін ашық түрде көрсетпейді. Оқиға құбылыстарды баяндауда өзін бейтарап ұстайды, кейіпкерлерді бейнелегенде өзі солармен бірге, бірқатарда тұрады. Бұл тұста автордың өзін білдіруінің негізгі тәсілі – ортақ төл сөз. М.Әуезовтің ортақ төл сөзді пайдалануында да өзіндік ерекшелік бар. Автор өзі мен кейіпкер арасындағы аралық шекті алып жатады да, бірде кейіпкерге жақындап, бірде одан алыстап отырады» [8, 176 б.]- деп орынды пікір айтқан. Дегенмен «Абай жолы» романының соңғы кітабында автор біресе Дәрменнің атынан сөйлейді, біресе үшінші жақ тұрғысында баяндайды. Мысалы: «Әйгерімді тыңдай отыра Дәрмен өз ішінен Абай сұрауларына жауап іздейді. – Абай аға, қадірлім! Ол дәндерің өлген жоқ, жойылған жоқ. Рас, бұл күнде бір

араға біткен дүм тоғай болмасын. Үлкен бақ боп тұрмасын... Бірер ен дала, мол сахараның бар бойында ол дәндерің өсіп келеді... Көп өсіп, көктей өсіп келеді... Өсе бермек күн санап та жыл санап.. Сол үшін де өз өмірімде, өле-өлгенше асыл сөзіңді сақтармын, ата тәрбиенді ақтармын, ағажан!» - дей берді. (М. Әуезов «Абай жолы») Автордың «Абай жолы» романы жазушының қаламгерлік даралығы, танымдық қабілеті, қоршаған ортасы, өмір сүріп отырған заманы тәрізді факторлар арқылы ерекше әсермен суреттелген.

«Тортай, әсіресе, мені жақсы көреді. Жанынан бір елі қалдырмайтын. Әкем ферма меңгерушісі, үйде ішім-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан – бір, жолынан – екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта: «Мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме», - деп ұрсатын-ды. Өз пейілі мен көңіл хошы болмаса ләм деп аузын ашпайтын, әрі құлағы хақас еститін болған соң, әңгімеге зауқы бола бермейтін. Тек менімен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді.» (О.Бөкей «Тортай мінер Ақ боз ат») Көркем мәтінде мысал бірінші жақта баяндалып тұр. Автор өз шығармасының кейіпкері. Морфологиялық деңгейде әсіресе деген қыстырма сөз бен тек менімен ғана деген демеулік шылаулар арқасында аңғарылады және ой екпіні соларға түсіп тұр. «Ол мені алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта: «Мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме», - деп ұрсатын-ды.» және «Тек менімен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді.» деп автордың кейіпкерге жақындығын синтаксистік деңгейде осы сөйлемдер арқылы жеткізеді. Көркем сөз авторы шығармада әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегімен оқырман қауымға жеткізе білген. Көркем әдебиет тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілінің ішінде прагматикалық функциялардың алатын орны ерекше. Бұл айтайын деген ойға айрықша әр, мәнерлілік береді.

«Қарагөз таныды. Бірақ іштегі қара жылан (Қарагөз бұл сезіміне осындай ат қойған) өмірінде бұл күнге шейін болмаған асаулықпен жүз толғанып иіріледі... Бойы ұйып кетті. Қалың жапырақтың арасында үндемей, көзін ала алмай қатып тұрғанда, ыстық жас ағып-ағып барады... Бірталай тұрды. Денені ерекше ыстық сенделтіп кеткенде, дүние қарауытып, айналып бара жатқандай болды... Бірақ құлаған жоқ. Зорға есін жиып, қайта түзелгенде, ішінде күшті намыс пен жігер қайнағандай болып, әлсіреп, ұйып кеткен денесін қайта жиып, билеп алды. Көздің құрты сияқтанған мас жастарды сол орнында қалдырып, қайта айналып жүріп кетті.» (М. Әуезов «Қаралы сұлу») Суреткердің хас шеберлігімен байланысты тілдің құрылым жүйесіндегі шеткері аймақ санатына жататын есімдіктер, демеуліктер, одағай тәрізді келтірінді мағынада жұмсала бермейтін бірліктердің белгілі бір коммуникативтік ситуацияда прагматикалық ақпарат беруде ерекше мән алатыны байқалады [9, 206 б.].

Фразеологизмдердің көркем шығармада қолданылуы тіркесіп тұрған сөздерді одан әрі ажарландыра түседі. Осыған орай, Х.Есенжанов фразеологизмдерді ұтқыр қолдана отырып, оқырманға сол ортаны, адамдарды, өмірді, тіршілікті елестетуге, сезінуге мүмкіндік береді. Мысалы: – Мазамды алмашы, айналайын, онсыз да ойым онға бөлініп жатыр, - деді Хакім қабағын шытып; Хакім теріс айналып жатты. Үндемеді. «Өздерінің қолынан

келмегенсін, мені күндейді» деп ойлады ол. Бірақ ашық ойлы, сөз тапқыр, күлкіден ауыз жидырмайтын Әмір оның теріс айналғанына қарамастан көптен бері ойына келіп жүрген сөзін әзіл, қалжыңға араластырып айтып салды. Ал мына сөйлемде оқиға желісі бойынша кемпір келініне сөйлеп жатыр, бірақ ол әлдеқашан сыртқа шығып кеткен. Демек, сөз сыртқа айқын шықпай, адресатын таппай отырғандықтан, ішкі сөз болып қалады. Нанын да, пирогін де ұмытып кетті, - деп күбірледі кемпір пешті ашып жатып. (Х. Есенжанов «Ақ жайық») «Сол баяғы ақыл» деп көшеге шығуға асығып тұрған қыз іштей жаратпай амалсыз тыңдады да: Мен сіздің айтқаныңыздың бәрін орындаймын, - деп салды. (Х. Есенжанов «Ақ Жайық») Келтірілген үзіндіде кейіпкердің ішкі ойы мен айтылған сөзі сәйкес келмейді. Мұнан адамның ішкі ойы әрқашан сөзге айнала бермейтіндігін аңғарамыз. Шығарма авторы «деп салды» ремаркасының астарында кейіпкердің әңгімені жалғастыруға құлшынысының жоқтығын, асығыстықпен жауап қайтарғандығын жеткізеді. Х.Есенжанов «ішкі ой» деталі арқылы кейіпкерлердің өзара байланысын, оқиға желісін ары қарай өрбітуде ұтымды пайдалана білген. Ішкі ой мен ішкі сөз көбінесе синоним ретінде бірінің орнына бірі жұмсалып қолданылады. Психологтар ішкі ой мәселесіне назар аударса, тілшілер ішкі сөзді зерттеуге аса мән береді. Түптеп келгенде екеуі бірін-бірі дамытушы екі процесс. Әйтсе де, мәтіндерде я сөйлесімдерде оны жалпылама түрде тырнақшаға алып «ішкі ойы» деп келтіріп кетеді. Себебі сөз бен ішкі ойдың аражігін бөліп, нақтылап көрсету мүмкін болмай тұр. Сөз – ойдың сыртқы формасы. Мысалы: Хакім «қызғанғандай бекер айттым», - деп ойлады да: - Жас. Бір жаста баласы. Бізге ағайын ол кісілер, - деп қойды анық білетіндігін аңдатып (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»). Кейіпкердің қысқа жауабы, кесіп айтқан сөйлемдері іштегі қызғаныш күйін сездіртеді. Сонымен қатар автор қысқа, толымсыз сөйлемдер негізінде кейіпкердің көңіл-күйін (бұл мысалда реніш пен өкпе), ішкі сезімін адресатына (оқырманына) жеткізіп тұр. Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романында жазушының терең білімі, ойлау даралығы романда пайдаланған әр абзацынан аңғарылады. Мысалы: Бөлтірік інінде көргенін істейді – ұядан не көреді, ұшқанда соны іледі деген мақал-мәтелге табиғаты жақын қолданыс. Сөзі табанға басқан шоқтай – көне замандарда шоқты бастыру деген жазалау дәстүрі болған, жазушы көне салт-дәстүр, жаза түрлерінен хабары бар. «Менен мына қатпа қыз да бақытты. Жастай тағылған жесір атақ...» – Шолпанның ішкі сөзі арқылы автор жесір тағдыры атам заманнан келе жатқан әйелдің өмірлік жолындағы үлкен трагедиясы екенін түйсінген. Жазушы мынадай теңеулерді де ұтымды пайдаланып, оқырманының тілдік қорын байыта түседі: Бозауыз бала, тулаған балықтың бауырындай жарқ ете қалды, дене қорғасындай балқыды, белкүллі судай, қасқалдақтың қанындай етіп құйып, шай ішуге кірісті. «Шиқанның аузын енді қайтып тырнамайын» деген ой келді. – жазушы кейіпкерлердің ойын тырнақша ішінде келтіреді. Абайдың тілдік тұлғасын танытуда дискурстық талдаулар жасай отырып, мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметінің бағалауыштық қызметімен сабақтаса қолданатындығын профессор Г.Мұратова: «Автор тіліндегі мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметі арқылы оны қолданудың мақсаты мен міндеті

туындайтыны белгілі» – деген пікір келтіреді [10,74 б.]. Көркем шығармаларда әр автор жеке сөздік қорында бар мақал-мәтелдердің формасын өзгерткенмен мағынасын бұзбауға тырысып бағады. Осыдан көркем мәтін тілін байытып, күрделендіруде, автордың сөзжасамдық қабілетін ұштап, адресаттың аялық білімін еселеп, танымын кеңейтуде мақал-мәтелдің прагматикалық қызметі, қуаты ерекше. Ұсынудың негізгі типтерінің бірі конвергенция. Конвергенция дегеніміз көркем мәтіннің бір тұсында бірнеше стильдік тәсілдердің тоғысып бірдей стильдік қызмет атқаруы болып табылады [11, 56 б.]. Орыс тіл білімінде көркем мәтіндегі конвергенция ұғымына сай мынадай пікірлер бар: «Понятие конвергенции не ограничивается рамками отдельного предложения или сверхфразового единства. Оно рассматривается и как смешение элементов различных функциональных стилей в произведениях художественной литературы (В.А. Кухаренко, М.С.Чаковская, В.И.Шаховский). Смешение стилей в литературном произведении является одним из основных средств реализации автором своего коммуникативного намерения» [12, 1 б.]. Стильдердің көркем мәтінде араласып қолданылуы заңды. Осы мәселе айналасында Р. Сыздық: «көркем шығармаларда барлық стильдердің де, ауызекі сөйлеу тілінің де элементтері орын ала алады. Және бұл – бейнормалық, нормадан ауытқушылық емес, көркемсөз нормасының өзіне тән белгілері болып саналады» [13, 161 б.].

Талқылау

Мақаладағы көркем шығармадан мысал ретінде алынған үзінділерден әрбір автордың қаламгерлік даралығы, танымдық қабілеті, қоршаған ортасы, өмір сүріп отырған заманы тәрізді факторлар прагматикалық функциялар арқылы ерекше әсермен суреттелген. Шығармадағы көркем мәтінді зерделеуде автордың шеберлігі мен оқырманның қабылдауы арасындағы байланыс жөнінде көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Көркем шығарма авторы өз туындысын оқырманға бағыттап жазады. Автордың ойы, мақсат-тілегі жүйеленіп оқырманға жеткенше бірнеше сатыдан өтеді. Мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілерін талдау барысында төмендегідей тұжырымдар мен қорытынды пікірлер қалыптасты. Функционалды прагматика теориялары герман тіл білімі тәжірибесі негізінде қарастырылып, бізге беймәлім әдістері мен категориялары анықталды. Прагматикалық аспектілердің қызметі көркем мәтін тілін автор-мәтін-оқырман байланысы негізінде қарастырылып, көптеген прагматикалық теориялардың басын ашты. Көркем шығарма мәтіндегі прагматика теориялары мен тілдегі функция терминінің әлеуеті айқындалып, тілдің прагматикалық қызметі тіл теориясының барлық өлшемдерін қамтитын диалектикалық талдауларды қажет ететін сала ретінде айқындалды. Көркем шығармалардан зерттеу жүргізу үшін мәтіндердің прагматикалық қызметін айқындайтын және прагматикалық әлеуетін күшейтетін әр түрлі тілдік бірліктер мен құралдар пайдаланылатын жиырмаға жуық мәтін үзінділері таңдалып, талданды. Автор прагматикасының сезімдік қуаты көркем шығарма мәтіндегі кейіпкерлердің

сөзі мен ішкі ойы арқылы және автордың тілдік көркемдеу амалдары мен эмотив сөздері арқылы анықталады.

Прагматикалық функциялардың тиімділігі адресаттың сана-сезіміне мақсатты түрде ықпал ету болып табылатындықтан көркем шығарма мәтінінің маңызы артады. Шығарма мәтінінің прагматикалық қызметіне сай келетін өзгерістері көп екендігі байқалады, бұл жердегі басты мақсат – оқырмандарға әсер ету. Қазіргі кезде тіл білімінде көркем мәтіндегі прагматикалық функциялар бағытындағы жұмыстар үлкен өзектілікке ие болып отыр, себебі прагматикалық көзқарас нысанның мәнін жаңа тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Көркем мәтіндегі прагматикалық функциялар сөйлеу әрекеттеріндегі сөйлеушінің ниетін зерттейді. Прагматика көркем мәтіндегі қатысым әрекеттік таңбаның бітім-болмысын көрсетеді. Көркем шығармада автор қолданысындағы таңба өзінің белгілі бір іс-әрекетімен ықпал ету мақсатына арнап құрылады. Прагматика тілдік таңбалардың оны қолданушы адамдарға қарым-қатынасын көрсетеді. Кез келген айтылым адресаттарға ақпарат берумен қатар, оның қабылдауына ықпал ететін тілдік бірліктерді таңдайды және оның реакциясын тудырады. Көркем шығармада оқырманға мәтін туралы біраз ақпарат бере отырып, мәтінді оқып шығуға қызығушылық тудырып, жаңа ақпаратты белгілі бір арнадан күтуге негізделеді. Әр автор өз шығармасында оқырманның ойы мен лебізін салыстыруға жол ашатын тақырыптың прагматикасы етіп қалыптастыруды басты компонент ретінде өзекті мәселеге айналдырады. Сонымен, әрбір автор өзінің туындысын таңдағанда тақырыптық, ақпараттық қызметтермен қатар оның прагматикалық әлеуетін қарастыруға барынша күш салады. Тақырыптардағы прагматикалық функциялардың бағыттылығы тілдің лексика-семантикалық кеңістігі арқылы жүзеге асырылады. Прагматика автор әрекетін оқырманның коммуникативтік біліктілігін, адресатқа сөйлеушінің ойы мен лебіз мағынасын салыстыруға жол ашатын коммуникативтік компетенцияны қалыптастыруды басты компонент ретінде өзекті мәселеге айналдырды. Қазіргі кезде көркем мәтіндегі тақырыптарды прагматикалық қырынан қарастыру үлкен қызығушылық тудырып отыр. Сондықтан шығарма тіліндегі прагматикалық функциялар келешекте одан әрі терең қамтыла түсуге тиіс зерттеу жұмыстарының нысаны болуы қажет.

Жалпы, прагматикалық деңгей – ұлттық сипаттан анық байқалатын тілдік тұлға деңгейі. Сондықтан да, ұлттық мәдениет өлшемдері тілдік тұлғаның халқына қарата айтқан, ой сана жеткізген прагматикаға толы үндеулерінен анық байқалады[14, 340 б.].

Қорытынды

Аса күрделі құрылым түрінде келетін көркем шығарма қатысымдық негізде құрылып, оқырманға, әртүрлі әсер етеді. Оны толық қабылдау, түйсіну тұлғаның мәдени деңгейіне, оның аялық біліміне байланысты. Шығармадағы көркем мәтінге түсіндірме беру, ондағы берілген кодын ашу жеткізілім құралдары мен олар арқылы жеткізілетін мазмұнның арақатынасына талдау жасауды қажет етеді. Бұл да – өте күрделі құбылыс. Ал көркем әдебиет, тілдік

білім алудың қайнар көзі болса, екінші жағынан, тұлғаға ықпал ететін аса қуатты құрал, оны ойлауға және талдау жасауға итермелейтін фактор болып табылады. Көркем шығарма жазу барысында жазушы өз танымына сай құрылған дискурс заңдылықтарын қатаң ұстанбаса, шығарма шындыққа жанаспай, оқырман ықыласына бөлене алмай қалады. Көркем шығарманың өзі – дискурс, өйткені мұнда автордың оқырманмен қарым-қатынасы, эстетикалық, танымдық ақпараттарды беруі, қоғамдағы түрлі келеңсіз жайттарды жеткізуі, сол арқылы жеке тұлғаның рухани әлеміне ықпал етуімен жүзеге асады. Көркем шығарма оқырманға жарияланғанда оқырман мен автор арасындағы қарым-қатынас әрекетінің сипаты түрліше өрбиді. Көркем шығармадағы туындыға негіз болып отырған идеяны тану жазушы тіліндегі тілдік бірліктерді зерттеуден басталады. Автор өзінің танымы мен түсінігін, пікірі мен тұжырымын, мәдениеті мен болмысын, қандай да бір ішкі жай-күйін көріктеу амалдары мен экспрессивті-эмоционалды сөздер арқылы оқырманға ұсынады, шығармасындағы бейнелеулермен оқырманның дүниетанымын кеңейтеді, оны тың қарым-қатынасқа жетелейді. Жазушы шығарма барысында оқырманмен өзара қарым-қатынас орнатып, қатысымдық байланысқа түседі, бұдан кейін оқырман мен автор арасында іштей пікірлесу орнайды. Шығарманың көркем түрде әрі сауатты жазылуына әсер ететін бірден-бір факт, ол – автордың тілдік тұлғасы. Көркем шығарма мазмұн мен идеядан ғана тұрмайды, сол мазмұн мен идеяны оқырманға жеткізетін тілдік бірліктерден құралады. Жазушының тілдік тұлғасын анықтауда зерттеушілер шығармадағы кейіпкерлер тілін басшылыққа алады. Шығарма авторының кейіпкерді сөйлетуі, түрлі әрекеттер жасатуы арқылы өзінің ұлттық мәдениетінен хабар береді. Себебі шығарма кейіпкерін сөйлететін де, оқырманды мәтін тануға шақыратын да автор. Тілдің эстетикалық қызметін арқалайтын функционалды прагматика тіл ғылымының күрделі мәселелерін қарастырады. Мұнда көркем мәтін созылмалы тілдік жағдаят ретінде қарастырылады. Көркем шығармадағы мәтіннің авторы жазушы мен мәтінді қабылдаушы оқырман. Оқырман қауымға тартымды туынды сыйлап, кейіпкерлерге жан бітіретін автор болғандықтан, көркем туындыны зерттеу әрқашан жазушының тілін зерттеумен тікелей байланысты. Өйткені әр жазушы өзіндік сөз қолданысымен, сөз әрлеуімен, яғни, стилі арқылы ерекшеленеді. Мақалада көрсетілген ізденіс жұмыстары көркем мәтіндерді басқа қырынан ашуға, тілдік сананың беймәлім көріністерістерін анықтауда өз үлесін тигізеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Fareed Hameed Al-Hindawi, Mariam D. Saffah Literary Pragmatics // Arab World English Journal (AWEJ). – Volume 10. №2. June 2019 Pp.

[2] Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2006. – 131 б.

[3] Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 242 б.

[4] Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

[5] Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 136 б.

[6] Ихсанғалиева Г.К. Функционально-прагматический анализ заголовков (на материале казахстанских газет и телепрограмм): дис...канд.филол.наук. – Алматы, 2000. – 135 б.

[7] Әбікенова Г.Т. Мәтін лингвистикасы мәселелері // ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2009. – №4(30). – 37 б.

[8] Болатова Г.Ж., Мұхамедқали А.А. Философиялық прозадағы интермәтіннің экспрессивтік қызметі // Керуен журналы. – 2022. - №2(75). – 308 б.

[9] Шалабай Б. Көркем мәтіндегі автор бейнесі // «Мәлік Ғабдуллин феноменін зерттеу және зерделеу мәселелері». Халықаралық ғылыми тәжірибелік конф. – Көкшетау, 25 қараша, 2015. – 317 б.

[10] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил.ғыл.док..дисс. – Алматы, 2007. – 328 б.

[11] Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: док. ... дис. – Алматы, 2009. – 74б.

[12] Адилова А.С. Қабылдау стилистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Эвро, 2016. – 99 б.

[13] Леонтьева Т.И. Конвергенция стилей в художественном произведении и рациональные методы их перевода. – URL: <https://docviewer.yandex.kz/view/>

[14] Kembayeva A.T., Zhubai O.S. Pragmatic features of epistolary texts by SH.Murtaza // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «Philological sciences». – 2023. – № 4(71). – P. 326-340.

REFERENCES

[1] Fareed Hameed Al-Hindawi, Mariam D. Saffah Literary Pragmatics. Arab World English Journal (AWEJ). – Volume 10. – №2. June 2019. – 394 p.

[2] Shalabay B. Kazak tilnin stylistikasy (Stylistics of the Kazakh language). – Almaty, 2006. – 131 b. [in Kaz.]

[3] Salqynbai A. Abai sóziniń lingvopoetikasy: monografiya. (Linguopoetics of the word Abay: monograph). – Almaty: Qazaq universiteti, 2018. – 242 b. [in Kaz.]

[4] Baıtursynov A. Ádebiet tanytqysh. (Literature guide). – Almaty: Atamūra, 2003. – 208 b. [in Kaz.]

[5] Shalabay B. Qazirgi qazaq tiliniń fúnksionaldy-kommúnikativtik sintaksisi: oqú quraly (Functional and communicative syntax of the modern Kazakh language: a manual.). – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 136 b. [in Kaz.]

[6] Ihsangaliev G.K. Fúnksionalno-pragmaticheskii analiz zagolovkov (na materiale kazahstanskikh gazet i teleprogramm): dis...kand.filol.nauk (Functional and pragmatic analysis of headlines (based on the material of Kazakhstan newspapers and TV programs). – Almaty, 2000. – 135 p. [in Rus.]

[7] Ábikenova G.T. Mátin lingvistikasy máseleleri. (Problems of Text Linguistics) // QazUPY habarshysy. Filologiya ғылымдары сериясы. – 2009. – №4(30). – 5 б. [in Kaz.]

[8] Bolatova G.J., Muhamedqali A.A. Filosofialyq prozadagy intermáttinniń ekspressivtik qyzmeti. Kerýen jýrnaly (The expressive function of intertext in philosophical prose) // Keruen jurnaly. – 2022. – №2 (75). – 308 б. [in Kaz.]

[9] Shalabay B. Kórkem mátindegi avtor beinesi «Málik Ǵabdýllin fenomenin zertteý jáne zerdeleý máseleleri» // Halyqaralyq ғылым тәжірибелік конф (The image of the author in a literary text "Problems of studying and studying the phenomenon of Malik Gabdullin"). – Kókshetaý, 25 qarasha 2015. – 317 б. [in Kaz.]

[10] Ýáli N. Qazaq sóz mádenietiniń teorıalyq negizderi (Theoretical foundations of Kazakh speech culture): fil.ғыл.док..дисс. – Almaty, 2007. – 328 б. [in Kaz.]

[11] Muratova G.Á. Abaidyń tildik tulǵasy: diskýrstyq taldaý men kontseptýaldy júiesi (Linguistic personality of Abai: discursive analysis and conceptual system): dok. ... dis. – Almaty, 2009. – 74 б. [in Kaz.]

[12] Adilova A.S. Qabyldaý stilistikasy (Stylistics of perception) Oqý quraly. – Almaty: Evro, 2016. – 99 b. [in Kaz.]

[13] Leonteva T.I. Konvergensina stilei v hýdojestvennom proizvedenii i ratsionalnye metody ih perevoda (Convergence of styles in a work of art and rational methods of their translation). – URL: <https://docviewer.yandex.kz/view/> [in Rus.]

[14] Kembayeva A.T., Zhubai O.S. Pragmatic features of epistolary texts by SH.Murtaza // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «Philological sciences». – 2023. – № 4(71). – P. 326-340.

ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ФУНКЦИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

*Амангалиева А.Е.¹, Джумабекова А.А.², Сөйлемез О.М.³

*¹магистр, старший преподаватель, ЗКАТУ им. Жангир хана
Уральск, Казахстан, e-mail: a.akkerbez81@mail.ru

²магистр, старший преподаватель, ЗКАТУ им. Жангир хана
Уральск, Казахстан, e-mail: vip.ainagul1986@mail.ru

³доктор филологических наук, профессор, Университет Кастамону
Кастамону, Турция, e-mail: soylemezo@yahoo.com

Аннотация. В данной статье представлены и проанализированы текстовые отрывки из художественных произведений, определяющие прагматическую функцию языка и отражающие его прагматический потенциал. В научном труде прагматические действия автора в изображении персонажей и сюжета произведения рассматриваются как один из аспектов прагматической функции художественного текста. В настоящее время не перестают оставаться важными объектами научного исследования художественные тексты, оказывающие большое влияние на сознание общества, в определенной мере просвещающие социум, пробуждающие его внутреннюю культуру, духовный мир, национальное самосознание.

Художественный текст не только служит формированию языковой грамотности и обогащению словарного запаса читателя, но и является основой развития мироощущения личности, его общечеловеческих ценностей, воспитания эстетического вкуса. Очень важное значение имеет анализ художественных текстов, всесторонне раскрывающих ценность и значимость слова, выражающих национальный код языка. Функциональная и прагматическая стороны текста, выделяя эстетическую функцию художественного материала, свидетельствуют о том, что текст представляет собой пространство информационного обмена в ходе установления коммуникации между автором и читателем, где происходят сложные мыслительные процессы, такие, как получение, обобщение и осмысление информации.

Выражение мыслей писателя (автора) находит свое отражение в речи персонажей художественного произведения, диалогах, монологах, авторских размышлениях, различных выразительных средствах (сравнение, метафора, олицетворение и т.д.), а также в разнообразных стилистических приемах. Языковое содержание произведения определяется писателем в соответствии с прагматическими целями и идеями создаваемого произведения.

Цель статьи – определение функционально-прагматических аспектов языка художественного текста. Функциональная прагматика включает в себя как внутренние, так и внешние сферы языкознания. Помимо этого категориями функциональной прагматики также могут являться общество, личность и речевое действие. Можно утверждать, что человек, формируясь в обществе, использует язык и действует, чтобы найти свое место в жизни. У любого человека есть свои измерения реальности в познании окружающей среды. Беря начало и в категориях реальности в философии, в функциональной прагматике этот аспект носит название экстралингвистической, ментальной, языковой реальности.

Именно поэтому в функциональной прагматике наряду с правильным использованием языковых форм говорящим и слушающим, важны также их намерения, интерес, мысль, стиль, тактика. В современном литературоведении для расширения сферы языковых исследований художественных текстов очень важна область функциональной прагматики.

Научная и практическая значимость исследовательской работы. В работе определяются характер, психологические и генетические особенности казахского этноса, подчеркивается яркая индивидуальность авторов в мастерстве словотворчества. В этой связи трудно переоценить важность анализа художественного текста, на который возложена задача всестороннего раскрытия ценности, своеобразия и особого колорита в изображении национального кода казахов. Прагматика читателя включает в себя вопросы уровня восприятия, пропозициональные акты в языке, стилистику декодирования и другие. Такие сложные и актуальные темы предопределяют прагматическую функцию текста и требуют обширного исследования.

В методологии исследования в целях решения поставленных задач в работе комплексно используются методы сбора рассматриваемых языковых единиц из текстов в художественных произведениях, текстовый анализ, метод описания и др.

Материалы и заключения, собранные в результате исследования, могут быть использованы в высших учебных заведениях при написании дипломных и курсовых работ, а также при проведении базовых и специальных элективных курсов «Прагмастилистика», «Текст и дискурс», «Прагматика художественного текста», «Прагмалингвистика текста».

Ценность исследовательской работы заключается в том, что в процессе обучения в высших учебных заведениях ее можно использовать на специальных курсах и семинарах, таких как «лингвистика текста на языке художественного произведения», а также в целях составления различных словарей во время занятий.

Ключевые слова: прагматика, прагмалингвистика, прагмастилистика, дискурсивная речь, эксплицитная информация, художественный текст, монолог, диалог

PRAGMATIC FUNCTIONS OF A LITERARY TEXT

*Amangalieva A.E.¹, Dzhumabekova A.A.², Soylemez O.M.³

*¹Master of Education, senior lecturer, West Kazakhstan Zhangir Khan University,

Oral, Kazakhstan, e-mail: a.akkerbez81@mail.ru

²Master of Education, senior lecturer, West Kazakhstan Zhangir Khan University

Oral, Kazakhstan, e-mail: vip.ainagul1986@mail.ru

³Doctor of Philology, Professor, University of Kastamonu
Kastamonu, Turkey, e-mail: soylemezo@yahoo.com

Abstract. This article presents and analyzes text excerpts from works of fiction that define the pragmatic function of language and reflect its pragmatic potential. In the scientific work, the author's pragmatic actions in depicting the characters and plot of the work are considered as one of the aspects of the pragmatic function of the literary text. Currently, artistic texts that have a great influence on the consciousness of society, to a certain extent enlightening society, awakening its inner culture, spiritual world, national consciousness, do not cease to remain important objects of scientific research.

The purpose of the article is to determine the functional and pragmatic aspects of the language of a literary text. Functional pragmatics includes both internal and external spheres of linguistics. In addition, the categories of functional pragmatics can also be society, personality and speech action. It can be argued that a person, forming in society, uses language and acts to find his

place in life. Every person has his own dimensions of reality in the knowledge of the environment. Originating in the categories of reality in philosophy, in functional pragmatics this aspect is called extralinguistic, mental, linguistic reality.

That is why in functional pragmatics, along with the correct use of language forms by speakers and listeners, their intentions, interest, thought, style, tactics are also important. In modern literary studies, the field of functional pragmatics is very important for expanding the scope of linguistic research of literary texts.

Scientific and practical significance of research work. The work defines the character, psychological and genetic features of the Kazakh ethnic group, emphasizes the bright individuality of the authors in the skill of word-making. In this regard, it is difficult to overestimate the importance of analyzing a literary text, which is entrusted with the task of comprehensively revealing the value, originality and special color in the image of the national code of the Kazakhs. The reader's pragmatics includes questions of the level of perception, propositional acts in the language, the style of decoding, and others. Such complex and topical topics predetermine the pragmatic function of the text and require extensive research.

In the methodology of the study, in order to solve the tasks set in the work, methods of collecting the considered language units from texts in works of art, text analysis, description method, etc. are comprehensively used.

The materials and conclusions collected as a result of the research can be used in higher educational institutions when writing theses and term papers, as well as during basic and special elective courses «Prpgramastilistics», «Text and Discourse», «Pragmatics of literary text», «Pragmalinguistics of text».

The value of research work lies in the fact that in the process of studying at higher educational institutions it can be used in special courses and seminars, such as "Linguistics of text in the language of a work of art", as well as for the purpose of compiling various dictionaries during classes.

Keywords: pragmatics, pragmalinguistics, pragmastylistics, discursive speech, explicit information, artistic text, monologue, dialogue

Статья поступила 02.12.2022